

Сериев Б.А., Жанибеков А.К.,
Ахметова Д.А.

**Сыбайлас жемқорлықпен
күресудің теориялық
мәселелері**

Сыбайлас жемқорлық, өкінішке орай, саяси және мемлекеттік құрылымына қарамастан әлемнің барлық дерлік мемлекеттеріне тән дерт болып табылады. Оның қауіптілігі мен жағымсыз әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарына байланысты мемлекеттер сыбайлас жемқорлықты жою мен оның алдын алу мақсатында әртүрлі, соның ішінде заңнамалық сипаттағы шараларды қолданады. Мақалада авторлар сыбайлас жемқорлықтың түсінігін, бірқатар ғалымдардың сыбайлас жемқорлық құбылыстары туралы ойлары мен анықтамаларын, сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қабылданған халықаралық-құқықтық құжаттардың бөліктерін, сыбайлас жемқорлық құбылыстарының негізгі санаттарын қарастырған.

Түйін сөздер: сыбайлас жемқорлықпен күрес стратегиясы, конвенция, сыбайлас жемқорлық, лауазымды тұлға, қоғамдық парыз, жеке пайдакүнемдік.

Zhanybekov A.K., Seriev B.A.,
Akhmetova D.A.

**Theoretical problems of fight
against corruption**

Corruption, to a regret, is that social evil which is inherent practically in all states of the world independently from the political and state system. Proceeding from its danger, destructive and negative social and economic and legal consequences, the states try to undertake various measures, in that number of legislative character, for eradication and the prevention of corruption. In this article authors consider concept of corruption, thought and definition of some scientists about the corruption phenomena, parts of the international legal documents accepted for fight against corruption, the main categories corruption the phenomenon

Key words: strategy for fight against corruption, convention, corruption, official, public debt, personal benefit.

Жанибеков А.К., Сериев Б.А.,
Ахметова Д.А.

**Теоретические проблемы
борьбы с коррупцией**

Коррупция, к сожалению, является тем социальным злом, которая присуща практически всем государствам мира независимо от политического и государственного устройства. Исходя из ее опасности, разрушительных и негативных социально-экономических и правовых последствий, государства пытаются предпринимать различные меры, в том числе законодательного характера, в целях искоренения и предупреждения коррупции. В данной статье авторы рассматривают понятие коррупции, мысли и определения некоторых ученых о коррупционных явлениях, части международно-правовых документов, принятых для борьбы с коррупцией, основные категории коррупционных явлениях

Ключевые слова: стратегия по борьбе с коррупцией, конвенция, коррупция, должностное лицо, общественный долг, личная выгода.

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Алматы университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: zhan_akin@mail.ru

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сыбайлас жемқорлықтың заманауи түсінігі бірнеше мыңжылдықтың ішінде қалыптастырылған.

Шенеуніктердің сыбайлас жемқорлықтары туралы алғаш рет Көне Вавилон және Хамураппи Заңдары мұрағаттарында айтылған.

Көне Рим ескерткішінде «согупреге» термині сотта көрсеткенін ақшаға өзгерту және сотты сатып алу мағынасында әдетте қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық құқықтыққа қарағанда әлеуметтік немесе қылмыстық ұғымның синтезі, сондықтан оны қылмыстың нақты құрамы ретінде емес, әрекеттердің туыстық түрлері жиынтығы ретінде қарастыру қажет.

ҚР Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір қызығушылық, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында органдардағы сыбайлас жемқорлыққа күдігін білдіріп, маңызды міндет қойды: «... – жаңа сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның қалыптастырылуын жалғастыру және іске асыру» [1, 3 б.]

БҰҰ сыбайлас жемқорлықпен халықаралық күресу туралы Анықтамалық құжатында пайдаланатын анықтамасы былай: «Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке мақсатта пайда алу үшін мемлекеттік билікпен қиянат жасау» [2, 29 б.]. Яғни, сыбайлас жемқорлық дегеніміз, ең алдымен, қызметтік өкілеттікпен қиянат жасау. Басқа ұғым 1999 жылғы Еуропа Кеңесінің «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» Конвенциясында берілген [3], мұнда сыбайлас жемқорлық деп мемлекеттік, муниципалдық не басқа да көпшілікке қызмет жасайтын қызметкерлер (оның ішінде депутаттар мен соттар), не коммерциялық және де басқа ұйымдардың (оның ішінде халықаралықтық) қызметкерлері өз мәртебесін заңсыз мүлік, оған құқықты, қызметті не жеңілдікті (оның ішінде мүліксіз емес сипаттағы) алуға пайдаланғаны не аталған тұлғаның осындай мүлік, оған құқықты, қызметті не жеңілдікті (оның ішінде мүліксіз емес сипаттағы) бергені түсіндіріледі. Бұл БҰҰ сыбайлас жемқорлық ұғымына кіретіні: 1) лауазымдық тұлғалармен мемлекеттік меншікті ұрлауы, жымқыруы және иеленуі; 2) ресми мәртебені ресмисіз түрде пайдаланған нәтижесінде ақталмаған жеке пайда алу үшін (жеңілдіктерді, артықшылықтарды) қызметтік

жағдайымен қиянат жасауы; 3) қоғамдық парыз және жеке пайдакүнемдік арасындағы қызығушылықтар қайшылығы.

Кейбір жағдайларда қылмыстық жауапкершілікті анықтайтын шарт ретінде қабылданған шешімнің қоғамдық пайдасын бағалауы емес, оны жасауы өте қиын, қабылданған шешім үдерісінің ашықтығы ұсынылады: лауазымдық тұлға барлық ақпаратты алмай шешім қабылдауға құқықты емес. Егер бұл шарт бұзылса, ол кінәлі деп табылуы мүмкін. Мұндай сыбайлас жемқорлықтық әрекеттерге лауазымға отырғанда және жылдағы есептесуді өткізгенде барлық қаржылық активтер, міндеттемелер, байланыстар туралы ақпаратты бермеуі қосылады. Мұнда санкциялар сыбайлас жемқорлықтың дәстүрлі түрлері үшін ұсынғанынан кем емес, ол пайдасыз болу және дәстүрлі сыбайлас жемқорлықтың әрекеттерін жасағанда оның артына тығылатындай болмау үшін ұсынылады. Ерекше назар партияларға қаржылық қолдау көрсету туралы ақпаратты бермеуге аударылады.

Кейбір ғалымдардың ойынша, мұндай анықтама ақталмауы мүмкін, ең бастысы, заңды-техникалық көзқарас жағынан. Ол жеткіліксіз, себебі сыбайлас жемқорлық құбылысы құқықтық өлшеу шеңберінен әлдеқалай алшақтап кеткен [4, 39-40 с.]. Мысалы, Г.К. Мишин «сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік басқару саласындағы құбылыс, ол басқару субъектілері өз биліктік өкілеттерін жеке және топтық материалдық және басқа да мақсаттарда пайдалану жолымен қиянат жасаудан тұрады» деп ойлайды [4, 22 с.].

Б.В. Волженкиннің айтуы бойынша, сыбайлас жемқорлық – ол мемлекеттік және қоғамдық басқару аппараттарды зақымдаған құбылыс, биліктің ыдырауынан, жеке баю үшін пайдакүнемдік мақсатта лауазымдық тұлға өз қызметтік жағдайын заңсыз қасақана пайдаланудан тұрады [5, 64 с.]. Э.И. Петров, сыбайлас жемқорлықтың мазмұнын аша отырып, былай жазады: «сыбайлас жемқорлық – бұл кез келген қоғамға тән сатып алу жүйесі, ол заңсыз сыйақы немесе басқа да жеке пайда алу мақсатында лауазымдық тұлғалармен және қоғамдық ұйымдар басшыларымен жасалынатын қасақаналық қылмыстар жиынтығынан тұрады және осы сыйақы мен пайдаларды ұсынған не оларға уәде берген тұлғалардың қызығушылығын қанағаттандыру үшін іске асырылатын бұл қылмыстармен байланысқан әрекеттер» [6, 11 б.].

Жоғарыда аталған Еуропа Кеңесі 1 мамыр 1999 жылы қабылдаған Сыбайлас жемқорлық туралы Азаматтық-құқықтық конвенцияның 2

бабында [7, 248 б.] берілген анықтамасына сай сыбайлас жемқорлық талап, ұсыныс, тура не біреу арқылы пара не кез келген басқа болмайтын артықшылықты не оның болу мүмкіндігін ұсыну не алуды білдіреді, ол пара не кез келген басқа болмайтын артықшылықты не оның болу мүмкіндігін алған тұлғаны талап етілетін атқару міндеттерін тиісті орындамауға не тәртібін бұзуға келтіреді. БҰҰ Хатшылығы дайындаған Сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша Нұсқауда сыбайлас жемқорлық криминалдық әрекеттердің үш топтастырушылық топтардың жиынтығы ретінде беріледі:

а) лауазымдық тұлғалармен мемлекеттік меншікті ұрлауы, жымқыруы және иеленуі;

ә) ақталмаған жеке пайда алу үшін қызметтік жағдайымен қиянат жасауы;

б) қоғамдық парыз және жеке пайдакүнемдік арасындағы қызығушылықтар қайшылығы.

Сонымен қатар БҰҰ сыбайлас жемқорлықпен халықаралық күресу туралы Анықтамалық құжатында былай көрсетілген: «сыбайлас жемқорлық – бұл жеке мақсатта пайда алу үшін мемлекеттік билікпен қиянат жасау» [8 8].

Сыбайлас жемқорлықтың тура осындай ұғымы заманауи криминологияда да бар, мұнда сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде анықталады, ол мемлекеттік не басқа да қызметкерлердің сатып алынуы – сатылуымен мінделінеді және осының негізінде жеке немесе тартоптық, корпоративтік қызығушылықтарда ресми қызметтік өкілеттерді және олармен байланысты бедел мен мүмкіндіктерді пайдакүнемдікпен пайдалануы деп түсіндіріледі [9, 501 с.], не «мемлекеттік аппараттағы және мемлекеттік емес құрылымдардағы қызметкерлерді сатып алудан тұратын қоғамдық қауіпті құбылыс» ретінде анықталады [10, 279 с.].

Сыбайлас жемқорлыққа деген осындай көзқарасты көптеген ресейлік ғалымдар ұстайды. И. Б. Малиновский «сыбайлас жемқорлық» және «ұйымдастырылған қылмыс» деген ұғымдарды байланыстырады. Мұнда сыбайлас жемқорлық амал, құрал ретінде шығып тұр, сол арқылы ұйымдастырылған қылмыстық өкілдері мемлекеттік органдарды бақылауға тырысады, бұл қылмысқа деген әлеуметтік бақылауды барлық осыдан шығатын нәтижелерімен шетінен не толық бейтарап қалдыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар билік органдарын өз мақсаттарында пайдалануға және саяси шешімдерді қабылдау үдерісіне әсер етуге мүмкіндік береді. ҚР «Сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы» 2 шілде 1998 жылғы Заңының 2 бабына сай

сыбайлас жемқорлық «Мемлекеттік міндеттерді атқаратын тұлғалар, сонымен қатар оларға теңелген тұлғалар заңда қарастырылмаған мүлік-тік игілік пен артықшылықты жеке не біреулер арқылы өз қызметтік өкілеттігі және сонымен байланысты мүмкіншіліктермен алуы, сонымен бірге бұл тұлғаларды құқыққа қарсы аталған игіліктер мен артықшылықтарды беру жолымен жеке және заңды тұлғалармен сатып алуы мүмкін» деп түсініледі.

Жоғарыда аталғандарды талдау бізге келесі қорытындыны жасауға мүмкіндік береді, сыбайлас жемқорлыққа құбылыс ретінде айқын белгілер тән, және ол, ең алдымен, нақты заңды анықтамаға ие емес, әлеуметтік құбылыс, және әр құбылыс сияқты өзінің дамуына үлкен әлеуетке ие.

Сыбайлас жемқорлықтың басқа ерекшелі-нетін белгісі болып айқын субъектілер шеңбері табылады. Сыбайлас жемқорлықтың ерекше белгісі болып аталған субъектілер (әрекеттерімен не әрекетсіздігімен) өз қызметтік жағдайларын, құқықтық мәртебесін және атқарып отырған лауазымдық беделін қызметтік қызығушылығына және бекітілген құқық пен моральдің нормаларына қарамай пайдалану жолымен іске асырғаны жатады. Бұл әрекеттер тікелей мүліктік не басқа да пайданы алуға және ана не басқа да қажетсінулер мен қызығушылықтарды қанағаттандыруға бағытталған.

Біздің ойымызша, сыбайлас жемқорлық (сөздің кең мағынасында) – бұл әлеуметтік құбылыс, ол мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік және басқа да басқару міндеттерді орындауға өкілетті тұлғалар, оның ішінде басқа ұйымдардағы да, жеке баю мақсатында өз қызметтік жағдайларын, мәртебесін және атқарып отырған лауазым-

дық беделін қызметтік қызығушылығына және бекітілген құқық пен моральдің нормаларына қарамай пайдаланып, қоғам мен мемлекетті ыдыратқанынан тұрады.

Аталғанды есепке алғанда, сыбайлас жемқорлық келісім болады, мұнда мемлекеттік не басқа да қызметте болған тұлға лауазым беделі мен онымен байланысты мүмкіндіктерге негізделінген өз қызметтік өкілеттігін не көмегін жеке және заңды тұлғаларға, топтарға (оның ішінде ұйымдастырылған қылмыстық құрылымдарға) жасырып «сатуы», ал сатып алушы мемлекеттік не басқа да құрылымды өз мақсатында пайдалануға мүмкіндік алады: баю, артықшылықтарды заңды реттеу, заңмен қарастырылған жауапкершіліктен, әлеуметтік бақылаудан және сол сияқтылардан кету үшін.

Бұл механизм екі ұстанымды көрсетеді: бір жағынан, бұл мемлекеттік қызметкердің пара, қосымша сыйақыны бопсалауы болуы мүмкін; екінші жағынан, бұл қызметкерлерді ынталы, белсенді сатып алу болуы мүмкін, көбінесе оларға қатты психикалық әсер тигізуімен қатар, ол негізінен ұйымдастырылған қылмыстыққа тән. Мемлекеттік билікті классикалық түрде заңнамалық, атқарушы және соттық деп бөлінгеніне қарай, сыбайлас жемқорлықтың көріністердің бірнеше негізгі санаттарын бөлуге болар еді: субъектілердің жағдайлары бойынша: а) билік органдарындағы сыбайлас жемқорлық – заңнамалық, атқарушы, соттық, ә) биліктік шешім қабылдамайтын ұйымдардағы сыбайлас жемқорлық, б) ана не басқа саяси шешімдер қабылдау саласындағы сыбайлас жемқорлық; қоғамдық қауіпсіздік дәрежесі бойынша: а) сыбайлас жемқорлық – құқықбұзушылық, б) сыбайлас жемқорлық – қылмыс.

Әдебиеттер

- 1 ҚР Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір қызығушылық, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – 3 б.
- 2 Нүкенов М.О. Сыбайлас жемқорлықтық қылмыстар: криминологиялық және қылмыстық-құқықтық талдау. – Алматы, 1999. – 29 б.
- 3 Конвенция об уголовной ответственности за коррупцию. Совет Европы. Серия Европейских договоров. № 173. – Страсбург. – 1999. – 27 янв.
- 4 Мишин Г.К. Коррупция: понятие, сущность, меры ограничения. – М., 1991. – С. 22.
- 5 Волженкин Б.В. Коррупция и уголовный закон // Правоведение. – 1991. – №6. – С. 64.
- 6 Петров Э.И. Коррупция как объект криминологического исследования // Проблемы борьбы с коррупцией: Тезисы докладов и сообщений. – М., 1992. – С. 11.
- 7 Комментарии и постатейные материалы к Закону Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией» / Мухамеджанов Б.А., Рогов И.И., Бычкова С.Ф. – Алматы: ТОО «Баспа», 2001. – 248 с.
- 8 Справочный документ о международной борьбе с коррупцией, подготовленный секретариатом ООН. – A/CONF. 169/14. – 1995. – 13 April.

- 9 Криминология: учебник для юрид. вузов / Под общ. ред. А.И. Долговой. – М.: Изд. гр. ИНФРА-М-НОРМА, 1997. – С. 501.
- 10 Криминология / под ред. Н.Ф. Кузнецовой, Г.М. Миньковского. – М.: Изд. МГУ, 1994. – С. 279.

References

- 1 Message of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev to the people of Kazakhstan, on January 17, 2014. «The Kazakhstan way – 2050: Uniform purpose, uniform interests, uniform future» 3 p.
- 2 Nukenov M. O. Corruption crimes: criminological and criminally – legal researches. – Almaty, 1999. – 29.
- 3 Convention on criminal responsibility for corruption. Council of Europe. Series of the European contracts. No. 173. – Strasbourg. – 1999. – 27 January.
- 4 Mishin G.K. Korruption: concept, essence, restriction measures. – М., 1991. – p.22.
- 5 Volzhenkin B.V. Korruption and criminal law//Pravovedenie. 1991No. 6. p.64.
- 6 Petrov E.I. Corruption as object of criminological research//Problem of fight against corruption: Theses of reports and messages. М, 1992. p.11.
- 7 Comments and itemized materials to the Law of the Republic Kazakhstan «About fight against corruption» / B.'s Mukhamedzhanov of A., I.I. Horns, Bychkova S.F. – Almaty, Baspa LLP, 2001. – 248p.
- 8 The help document on the international fight against corruption prepared by the secretariat of the UN. – A/CONF. 169/14. – 1995. – 13 April.
- 9 Criminology: The textbook for юрид. higher education institutions / Under general Red. A.I. Debt – М.: Prod. gr. INFRA-M-NORMA, 1997. – p. 501.
- 10 Criminology / Under red. N. F. Kuznetsova, G.M. of Minkovskogo-m: Prod. MSU, 1994. – p. 279.